

2013 жылы нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 150 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда № 1903 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 1124 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің
11.12.2013 № 1124 қаулысымен.
РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабына және 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбек рыногындағы жағдай мен бюджет қаражатына сәйкес 2013 жылы нысаналы топтарға жататын келесі адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) мектептер және техникалық, кәсіптік оқу орындарының түлектері;
- 2) бір де бір жұмыс істеушісі жоқ жанұялардың мүшелері;
- 3) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс жасамаған адамдар;
- 4) некеге тұрмаған және қамқорлығында кәмелетке толмаған балалары жоқ жалғыздікті азаматтар;
- 5) елу жастан асқан тұлғалар;
- 6) алған мамандығы бойынша еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ, 21 жастан 29 жас аралығындағы жұмыс істемейтін жастар;
- 7) кәсіби даярлау, қайта даярлау курстарынан және жастар тәжірибесінен өткен «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының қатысушылары.

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Жақсылық Мырзабекұлы Сапаралиевке жүктелсін.

Қала әкімі

Б. Орынбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК